

# Жеңіл өнеркәсіп

Бекбатыр Олжас ТППЖ-312

## **Жеңіл өнеркәсіп халықтың жеке сұранысын қанағаттандыратын өнім түрлерін шағарады.**

*Жеңіл өнеркәсіптің* мақсаты - тұрғындарды әдемі, әр алуан, ең бастысы тиімді — жоғары сапалы киіммен және аяқ киіммен камтамасыз ету.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің жақсы шикізат базалары бар: мақта, жүн, табиғи былғары. Дегенмен, ол экономикадағы ең бір «шешімін таппаған» сала болып есептеледі.

Жеңіл өнеркәсіп көп салалы өндіріс. Оның негізгілері - *тоқыма, тігін, мақта-мата, былғары, тері илеу* салалары.

Жеңіл өнеркәсіп (кей жағдайда болмаса) - материалдан гөрі еңбекті көп қажет ететін, экологиялық жағынан «таза» және көбінесе «әйелдер» қызметінің саласы. Өнеркәсіптің өнімі жөне өңделген шикізатты тасымалдауға қолайлы, әрі ұзақ сақталады. Бұл оның салаларының таралып орналасу «бейнесін» көрсетеді.

**Жеңіл өнеркәсіп құрылымы табиғи немесе химиялық шикізаттарды қайта өңдеудің технологиялық кезеңдерінен тұрады.**

### **Жеңіл өнеркәсіп құрылымы**

<b>Шикізат өндірісі</b>	<b>Жартылай дайын өнімдер</b>	<b>Дайын өнімдер</b>
<b>Мақта Шитті мақта</b>	<b>Жіп иіру Тоқыма</b>	<b>Тігін Тоқылған бұйымдар (трикотаж)</b>
<b>Мал терісі</b>	<b>Былғары Тері</b>	<b>Кілем Аяқ киім Галантерея</b>

## **Жеңіл өнеркәсіп құрамына кіретін салаларды орналастыру ұстанымдары:**

**Шикізат өндірістері (мақта тазалау жұмыстары, жүн жуатын фабрикалар, жүнді өңдейтін кәсіпорындар) ауылшаруашылық шикізат базалары бар жерге шоғырланады.**

*Мыс, 1 т жуылған жүн алу үшін 2 т жуылмаған жүн керек, ал 1 т мақта алу үшін 3 т-дан астам мақта шикізаты қажет. Сондықтан бастапқы өңдеу кәсіпорындары шикізат көзіне жақын орналастырылады.*

**Тоқыма, былғары, тері т.б. кәсіпорындар кәсіби жұмыс күші және тұтынушылары бар қалаларда орналастырылады.**

Жеңіл өнеркәсіп саласы	Негізгі орталықтары	Шешуші әсер ететін факторлар	
Тоқыма Мақта, мата	Алматы Оңтүстік Қазақстан	тұтынушыға шикізатқа тұтынушыға	және
Былғары	Семей, Алматы, Тараз	шикізатқа	
Тері өңдеу	Өтеген батыр, Петропавл, Рудный	шикізатқа тұтынушыға	және
Жүн	Тараз, Семей	шикізатқа тұтынушыға	және
Аяқ киім	Қостанай, Алматы, Тараз, Ақтау	тұтынушыға	
Жібек	Өскемен, Алматы	шикізатқа тұтынушыға	және
Тігін	Шымкент	тұтынушыға	

## Қазақстан Республикасы тоқыма өнеркәсібі саласының экономикалық іс – әрекет түрлері

<b>Экономикалық іс-әрекет түрлері</b>	<b>Экономикалық іс-әрекеттің жеке түрлері</b>
<b>Тоқыма талшықтарын иіру</b>	<b>Мақта мата талшықтарын иіру</b>
	<b>Жүн талшықтарын иіру</b>
<b>Тігін өндірісі</b>	<b>Мақта мата өндірісі</b>
	<b>Жүннен жасалған маталар өндірісі</b>
	<b>Басқа тігін маталары өндірісі</b>
<b>Тоқыма маталарын өңдеу</b>	
<b>Киімнен басқа дайын тоқыма бұйымдары өндірісі</b>	<b>Үй шаруашылығына және т.б. арналған дайын тоқыма бұйымдары өндірісі</b>
	<b>Кілем мен кілем бұйымдары өндірісі</b>
	<b>Тігінге арналмаған материалдар өндірісі</b>

**Техникалық бағыттағы  
тоқыма бұйымдары өндірісі**

**Кенеп мата өндірісі**

**Тоқыма бұйымдары өндірісі**

**Шұлық бұйымдары өндірісі**

**Тоқыма кеудешелер,  
сырткиімдер өндірісі**

**Мақта мата жіптері  
араласқан тоқыма  
бұйымдар өндірісі**

**Жеңіл өнеркәсіптің аса маңызды салаларының бірі – тоқыма өнеркәсібі.**

**Оңтүстік Қазақстан облысында мақта-тоқыма кластерін құру шеңберінде 2005 жылы “Оңтүстік” еркін экономикалық аймағы (ЕЭА) құрылды.**

**ЕЭА-ға Қазақстанның “Мырзакент” мақта компаниясы мен Ресейдің**

**“Орыс Тоқыма” холдингі кіретін “Қазақ - Орыс Тоқыма Альянс” ЖШС**

**Біріккен кәсіпорны (жылына 15 млн м2 мата шығарады), мақта талшықтарын қайта өңдейтін “Ютекс” АҚ (жылына 6 мың т мақта мата жіптерін шығарады), сонымен қатар жергілікті шикізатты пайдаланып мақта мата жіптерін шығаратын “Меланж” кіріктірілген фабрикасы (жылына 5 мың т мақта мата жіптерін және тұрмысқа қажетті өнімдер шығарады), “Nimex Textile” ЖШС тоқыма фабрикасы (жылына 12 мың т мақта талшықтарын қайта өңдеп, мақта мата жіптері мен мата өнімдерін береді)**



**Жүн жуу комбинаттары – Семей мен Таразда**  
**Тоқыма өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорны – “АММК - ОЗАТ” АҚ**  
**Қарғалы және Қостанай комбинаттарында дайындалған жоғары сапалы**  
**жүннен тоқылған маталардан пальто, костюм тігеді.**

**Тігін өнеркәсібі бойынша ірі кәсіпорындар:**

**“Textiles.kz” корпорациясы, “Ютекс” АҚ, “Меланж” АҚ, “Сәуле” тігін**  
**фабрикасы ЖШС (Шымкент), “Мұрагер” Семей тігін фабрикасы,**  
**“Қазақстан Тексти-лайн” ЖШС, “Ерке-Нұр” ЖШС (Алматы).**

**Трикотаж бұйымдарын шығаратын фабрикалар – Алматы, Қарағанды,**  
**Шымкент, Өскемен, Жезқазған.**

**Шұлық шығаратын фабрикалар – Семей, Қарағанды, Шымкент.**

**Жүн иіретін комбинат – Астанада, жібек маталарын шығаратын**  
**комбинат – Өскеменде.**

**Былғары, тері илеу зауыттары – Орал, Қызыорда, Тараз, Қостанай.**

**Аяқ киім кәсіпорындары: Алматы, Семей, Тараз, Қарағанды,**

**Қызылорда, Қостанай, Талдықорған**

**Фарфор-фаянс бұйымдары – Астана мен Қапшағайда**

Тамақ және жеңіл өнеркәсіп саласындағы мамандықтар

*Тамақ өнеркәсібі саласындағы мамандықтарға:  
кондитер, инженер - технолог, технолог  
мамандықтары жатады.*

*Технолог мамандығы үлкен жауапкершілікті  
талап етеді. Ол шикізатты қабылдап алудан  
бастап, орап дүкенге жібергенге дейінгі  
жұмыстарға жауап береді. Технолог жан -  
жақты білімді болу керек. Макарон өнімдерін  
өндіретін технолог кондитерлік фабрикаларда,  
наубайханаларда, зауыттарда жұмыс істейді.*

**Кондитер – конфет, торт т. б тәтті тағамдарды  
даярлайтын маман.**

*Жеңіл өнеркәсіпке мынадай мамандықтар жатады:  
иіруші, тоқымашы, конструктор - модельер, суретші  
- модельер, пішуші, тігінші,*

1. Пішуші – қажетті бұйымның кескінін жасаушы.
2. Конструктор – бір нәрсенің конструкциясын жасаушы, құрастырушы.
3. Модельер – сәнді модельді заттың үлгісін жасайтын маман.
4. Иіруші – жүннен, мақтадан жіп есуші, ширатушы.





## Ұлттық өнер

«Қолөнер - ғасырлар бойы дамып, жетіліп, уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қаланып келе жатқан халық шаруашылығының сарқылмас қайнар көзі.

Халқымыз қолөнері ертеден бәрімізге мәлім. Оған былғары илеу, темір өңдеу, ағаш ою, сүйекпен мүйізді ұқсату, жүн өңдеу, ісмерлік, зергерлік әсіресе үй жиһаздарын, ыдыс-аяқты, саз аспаптарын, қару-жарақты безендіру жоғары деңгейде дамыған.»





## Фарфор - күйіктас (керамика) түрі.

**Қыш** өнеркәсібі **Қытайдағы** ең ежелгі қолөнерінің бірі екені белгілі. Жүздеген жылдар бойы осы қыш өнерінің қыр-сырын меңгерген Қытай ұсталары ғажайып фарфор бұйымдарын ойлап тапты.



**Фаянс** – *Италиядағы Фаянс өндірілген Фаэнца қаласының атымен аталған*, кеуек құрылымды түсі ақ **керамикалық** материал.



Фаянсқа ұқсас бұйымдар ертедегі Мысырда, кейін **Қытайда** (4 – 5 ғасырларда) шығарылды. Сапасы жоғары Фаянстар 18 – 20 ғасырларда **Ұлыбритания**, Франция, Германия, Ресейде шығарыла бастаған.

Фаянс әр түрлі ыдыстар мен сәндік бұйымдар жасауда, **медицинада**, құрылыста қолданылады.



**Галантерея – ұсақ-түйек бұйымдар шығаратын фабрика.**



**Трикотаж – жіптің тұзақталып, өзара айқасуы арқылы тоқылған тоқыма мата.**



**Назарларыңызға рахмет!!!**